

УДК 82.94

DOI 10.56525/ETCN7416

МҰРЫН ЖЫРАУ ӨМІРІНІҢ БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ**Сұлтанбек Қ.**

Есенов университеті, Ақтау қ., Қазақстан

e-mail: Sultanbek.kzh@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау өңірінің атақты жыршысы Мұрын жырау Сеңгірбекұлының (әдебиетте жиі «Сеңгірбаев» түрінде кездесетін) өмірбаянына қатысты әлі толық айқындалмаған деректер кешені ғылыми айналымға тартылып, салыстырмалы талдау жасалады. Автор соңғы жылдары табылған архивтік құжаттар негізінде жыраудың туған-өлген жылдары, әкесінің есімі және ресми қағаздардағы фамилиясының бұрмалану себептері жөніндегі бұрынғы тұжырымдарды қайта қараудың қажеттігін дәлелдейді. Зерттеуде Қ.Сыдиықұлы ұсынған құлыптас жазуы, жыраудың ұрпақтарының естеліктері, сондай-ақ 1918 және 1928 жылдардағы Александр форты тұрғындарының тізімдері сияқты дереккөздер өзара салыстырылып, деректер арасындағы хронологиялық алшақтықтар көрсетіледі. 1928 жылғы тізімдегі жас мөлшеріне сүйенген есеп жыраудың туған жылына қатысты өзге межені ұсынуға мүмкіндік беріп, өмірдеректің нақтылауды талап ететінін айқындайды.

Мақаланың маңызды тұсы – 1924 жылғы арыз құжатына 29-шы болып қойылған «Секрбекв Мурн» қолтаңбасын талдау. Аталған қолтаңба, бір жағынан, әкесінің аты Сеңгірбек екенін, екінші жағынан, Мұрын жыраудың орысша хат танығанын жанама түрде дәлелдейтін айғақ ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, жыраудың аты-жөнінің «Сеңгірбаев» түрінде ертерек құжаттарда да кездесуі фамилиялық қателіктің тек 1942 жылғы төлқұжат рәсімдеумен шектелмейтінін көрсетеді.

Автор мақаласында құнды жаңалықтарды да жүйелейді: жыраудың фотосуретінің табылуы (2023), сондай-ақ «Қырымның қырық батыры» эпосын орындауға қатысты екі мақамның 1961 жылғы фольклорлық экспедиция барысында күйеу баласы Д.Алдонғаровтан жазылып алынуы және олардың бүгінгі орындаушылық тәжірибеде қайта жаңғыртылуы. Қорытындысында мақала Мұрын жырау тұлғасын деректанулық тұрғыдан қайта пайымдаудың өзектілігін негіздеп, алдағы кешенді зерттеулердің бағыт-бағдарын ұсынады.

Түйін сөздер: Мұрын жырау, архив құжаттары, фотосурет, дыбысжазба, мақам.

Кіріспе

Мұрын жырау Сеңгірбекұлынан «Қырымның қырық батыры» дастанын жазып алу 1939 жылдан басталғанымен, ол жырлаған дастан туралы тасқа басылған тұңғыш еңбек – КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Н.Сауранбаевтың «Халық өнерінің қазынасы – Мұрын жырау» атты мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 19 шілдедегі санында жарияланған. Жыраудың өмірдерегі, жырдың мазмұндық құрылымы мен тарихи маңыздылығы алғаш рет осы мақалада жазылған. Мақаланы 1942 жылы 4 тамызда «Казахстанская правда» газеті «Мурин – хранитель великого творения казахского народа» деген тақырыппен аударып басқан.

Мұрынның Алматыға келгенін сүйіншілеп алып, Н.Сауранбаев жырау сапарының концерттік бағытынан құнды дерекпен бөліседі. Бұл туралы С.Садырбаев та жазғанымен, жалпылама келтіреді. Бұған дейін ғылыми айналымда М.Хакімжанованың естелігі мен Е.Ысмайлов, С.Садырбаев зерттеулеріне негізделген сапар төңірегіндегі ұйымдастыру, тұрмыстық түйткілдер, жыраудың жыр айту мәнері, мінез-құлқы, өмірдерегі, т.б. белгілі еді.

Алматының Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясында Мұрын жырау Орақ, Мамай туралы жырдың үзіндісін айтқан. Тыңдаушылардың тілегі бойынша Қобыланды жырының үзіндісін жырлап берген. Тыңдауға Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары М.Әбдіхалықов, Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Т.Тәжібаев

бастаған ел басшылары, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының төрағасы Қ.Сәтбаев бастаған ғылыми қызметкерлер және М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов т.б ақын, жазушылар қатысқан. Тыңдаушыларға жыр өте ұнап, барлығы да жырдың мазмұн жағынан да, құрылысы, көркемдік жағынан да бағалы нұсқа екендігін айтады.

«Қырық батыр» туралы жыр түгел жазылса, көлем жағынан дүниеде ең бірінші ірі нұсқа болмақшы. Қырғыз халқының Манасынан, қалмақ халқының Жәңгірінен әлденеше рет үлкен, әлденеше рет көлемді болмақ», – дей келе ғалым: «Ендігі міндет – мұндай халық өнерінің қазынасын қалай да жазып алып, халқымыздың рухани азығы ету, оның үстіне қазақ халқының тарихын, әдебиетін, тілін тарихи зерттеу үшін бұл қазынаны толық пайдалану», – деп ойын түйіндейді [1].

Мақалаға жыраудың фотосуреті қоса берілген. Бұл – Мұрын жыраудың осы уақытқа дейінгі бірден-бірден фотосы болуымен құнды. «Казахстанская правда» газетінде фотосы басылмағанмен, *«Қазір жырларды пленкаға жазып алу жұмыстарына әзірлік жүріп жатыр»* деген дерек келтірілген [2]. Ғалымдар қанша тырысқанымен, бұл жоспар орындалмай қалады.

Даңғайыр жыраудың өмірі мен шығармашылығы қазақтың атақты әдебиетші, тарихшы ғалымдарының зерттеу нысанына айналып, біршама еңбектер жазылды. Десе де, әлі де беймәлім, анықтай түсетін тұстар жетерлік. Солардың негізгілері – М.Сеңгірбекұлының туған-өлген жылдарын, әкесінің атын нақтылау, даусы жазылған дыбысжазбаларды табу. Мақалада Мұрын жырауға қатысты бұған дейін белгісіз болып келген деректер зерделенеді.

Материалдар мен әдістемесі. Мақала ҚР Орталық мемлекеттік архиві мен Маңғыстау облысының мемлекеттік архивінің құжаттарына, ҚР Мемлекеттік орталық музейі мен Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі Түпқараған аудандық филиалы қорларының, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясының материалдарына, Маңғыстау облысының Түпқараған ауданындағы Халыққа қызмет көрсету бөлімінің (бұрынғы АХАЖ құжаттары осында сақталған), сондай-ақ жергілікті мерзімді баспасөз құралдарының деректеріне дәйектелген. Архив құжаттарында Мұрын жыраудың туған жылы, мекені, қызметі туралы мәліметтер көрініс тапса, музей мен консерватория қорында фотосуреті, қолынан шыққан және тұтынған бұйымдары мен «Қырымның қырық батыры жырын» жеткізуде қолданған мақамдары туралы деректер сақталған.

Зерттеу тарих ғылымындағы тарихилылық, объективтілік, жүйелілік принциптеріне негізделді. Тарихи-талдау, жүйелік-талдау, тарихи салыстыру әдістерін қолдану арқылы Мұрын жырау Сеңгірбекұлы өмірінің беймәлім тұстары анықталады.

Талқылау. Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін жыраудың туған, өлген жылдары мен фамилиясына қатысты деректер әртүрлі жазылып келді. Аталған еңбегінде Н.Сауранбаев жырауды «биыл 81-де» деп көрсетеді. Олай болса, 1861 жылы туған.

Жырауды көзі көрген Е.Исмаилов 1860–1952 жылдары өмір сүрді деп жазып, тегін көрсетпейді [3,49]. Фольклоршы В.Жирмунский осы даталарды қайталап, тегін Сеңгірбаев деп көрсетті [4,259].

«Батырлар жырының» 2-томында М.Ғұмарова 1860 жылы 15 январьда туған деп, Нұрым жырауға өзін таныстыру өлеңіндегі: «Аты-жөнім сұрасаң – Сеңгірбайұлы Мұрын-ды» деген өлеңіне сүйеніп, тегін «Сеңгірбайұлы» деп жазды [5, 9–10]. «Батырлар жырының» 3-томында М.Ғабдуллин де әкесінің атын Сеңгірбай деп көрсетіп, 1860–1955 жылдары өмір сүрді деген дерек береді [6,8].

Мұрын жырау мұрасын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған С.Садырбаев «Мұрын Сеңгірбаев 1860 жылы 15 январьда бұрынғы Ашхабад губерниясы, Александр порты, Иткелді деген жерде (қазіргі Гурьев облысы, Маңғыстаудың Бозашы деген түбегінде) туған» деген дерек келтіреді. Сондай-ақ жырау Алматыға келгенде, жасы 82-де деп жазды [7,100].

Нақтылайтын нәрсе, 1860 жылы адайлар Орынбор қырғыздары (қазақтары) облысына бағынды. Ашхабад (бұрынғы аты Асхабад) ешқашан губерния болмаған. 1881 жылы құрылып, Түркістан генерал-губернаторлығына қараған Каспий сырты облысының орталығы.

Александр порты (дұрысы: форт – бекініс) Бозашы түбегіндегі Иткелді мекенінен анағұрлым қашықта.

С.Садырбаевтың жазуынша, жырау «1954 жылы 29 августа аз күн ауырып, мәңгілік көз жұмады».

1948 жылы Гурьев облысы мәдениет бөлімінің бастығы Нәдір Нұрғалиевпен Мұрын жырауға барып, өмірбаянын жазып алған туысы әрі Шевченко аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Орынбай Бәлдековтің дерегінше, жырау 1860 жылы 15 қаңтарда туған [8].

Сондай-ақ осы кісі жергілікті газетте «Мұрынекең қайтқанда, мен ауылда болғаным жоқ» дей келіп, «1954 жылы тамыздың 30 күні, тоқсан бестен тоқсан алтыға қарап тұрғанда көз жұмды» деген естелігімен бөлісіпті. Ондай жағдайда жыраудың туған жылы – 1859 [9].

Мұрынның тегі мен туған жылына қатысты нақтылық болмауына жыраудың өзінің де қатысы бар деп білеміз. Өйткені, өзі туралы деректі зерттеушілерге әртүрлі етіп ұсынған. Мысалы, Ғылым Академиясына 1942 жылы И.Ұйықбаев арқылы жолдаған өмірбаянында 1859 жылы, ал 1949 жылы өзі жіберген материалдарда 1860 жылы 15 қаңтарда тудым деген [10,14].

1942 жылы Алматы сапарынан кейін, баласы Дәуітбай жыраудың айтуынан «Асан Қайғы», «Тоған», «Абат батыр» жырларын жазып алып, Ғылым академиясына жіберген [11]. Дәптердің сыртына «1942 жылы Мұрын Сеңгірбаевтың айтуынан жазып алған Дәуіт Сеңгірбаев. А-Ата» деп жазылған [12]. Яғни, жырау да, оның қасына еріп барған баласы Дәуітбай да «Сеңгірбаев» деген фамилияны түзетпеген.

Мұрын жырау өміріне қатысты зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан мәселе – жыраудың кәсібі мен «Қырымның қырық батыры» жырын жырлау кезінде қолданатын мақам-саздары. Кәсібіне келсек, зерттеушілер көбінесе, зергерлігіне тоқталады. Онда да қолынан шыққан күмістен соққан жүзік-мөріне назар аударады. Оған себеп – жүзік бетіне жыраудың аты-жөні бедерленіп, оны өзінен жазып алынған жырлардың соңына басып отыруы. Зергерлік өнерді ата-бабасынан мирас еткен Мұрын соққан бұйым тек бұл болмасы белгілі. Зерттеуде Мұрынның қолынан шыққан басқа да қолтаңбалық өнер нұсқалары туралы айтылады.

Зерттеу нәтижесі. Жыраудың туған, өлген жылдарын, әкесінің атын нақтылауда белгілі ғалым Қ.Сыдиқыұлы көп еңбектенді. Ол түрлі уақыттарда жарық көрген зерттеу еңбектеріндегі, жыраудың өзі ұсынған өмірбаяндық деректердегі даталарды саралай келе, құлпытасына жазылған жазуды бірден-бір дұрыс дерек деп табады. «Ескілікті қазақ дәстүрінде дүние салған адамды соңғы сапарға жөнелтер алдында жақын туыстары оның әке, шешесінің есімін, неше жаста екенін әбден анықтап айтады. Осындай дерек негізінде ғана құлпытас қашалады. Осы жайларды еске алсақ, бірден-бір дұрыс дерек – ескерткіш-құлпытастағы жазу. Демек, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы 1859 жылы туып, 1954 жылы 29 тамызда дүние салған», – деп түсіндіреді өз тұжырымын ғалым [10,14].

Осы құлпытасты қойған баласы Дәуітбай Мұрынов: «Басына жазуды өзім жазғанмын. Сонда байқамай тамның қаланған жылына – 1954 жылғы мамырды көрсетіппін. Ал дұрысында әкем 1953 жылдың 29 тамызында балық қабылдайтын Асан деген жерде қайтқан», – деген тың деректі алға тартады [11].

Талқылауымызға Форт-Шевченко қалалық азаматтардың хал актілерін жазу бөлімі нүкте қойды. Актіде жыраудың 1954 жылдың 23 қазанында дүниеден өткені, бұл туралы сол жылғы 19 шілдеде №396 анықтама берілгені хатталған. Біз көрсетілген деректерді хронологиялық тәртіппен түзеп, Мұрын жырау **1954 жылы 19 шілде** күні дүние салған деген қорытындыға келдік. Анықтаманы күйеу баласы Дүйсенбай Алдонғаров сұратқан [13].

1928 жылғы Александр форты қаласындағы үй-жайлар мен онда тұратын азаматтар тізімінде жыраудың да аты көрсетіліп, жасы 64-те екені мәлім етілген [14,55]. Бұл дерекке сүйенсек, дүниеге келген уақыты –1864 жыл.

Осы құжатта қызы Тұрлан мен күйеу баласы Алдонғаров Дүйсенбай, ұл-қыздары Дәуітбай, Жұмайханмен бірге тізімделген. Тізімде Дүйсенбайдың жасы – 34-те. Олай болса,

1895 жылы туды делініп келген Дүйсенбай 1894 жылы туған. 1 жыл айырмашылығы Мұрын жырауға қатысты деректің де негізсіз еместігін көрсетеді.

1942 жылдан 1991 жылға дейінге зерттеулер мен мақалаларда, ресми материалдарда жыраудың аты-жөні Мұрын Сеңгірбаев делінеді. Мұрын қалайша Сеңгірбаев болып кеткен? Бұл сұраққа да жауапты Қ.Сыдиықов іздеп көріп, жыраудың баласы Дәуітбай Мұрыновтың дерегін ұсынады. «1942 жылы Мүрекемді Алматыға шақыртты. Апыл-ғұпыл жолға дайындалдық. Сол кезде қаладағы төл құжат толтырушының салақтығы мен сауатсыздығынан әкем Сеңгірбаев болып жазылыпты. Өзгертпейді ғой деп ойладық. Сүйтіп, Сеңгірбаев делініп кетті. Бірақ, әкесінің шын аты – Сеңгірбек. Құлпытасына ағайын, туыстары дұрысын жаздырды», – дейді Д.Мұрынов [10,13].

Қ.Сыдиықұлы тағы бір дерек ретінде Мұрынның күміс сақинасы бетіндегі жазуды алға тартады. «Жырау сауатсыз болғандықтан өзіне қатысты қағаздарға мөрі ретінде басатын күміс сақина соғып, сол қаладағы дағыстандық достарына араб әрпімен аты-жөнін ойып жаздырған. Осы сақина бетіндегі «Мұрын Сеңгірбекоғлы» деген жазу да жырау әкесінің есімі Сеңгірбек екендігін дәлелдейді. Демек, жырау 1942 жылдан бері төл құжатындағы жаңсақтыққа орай Сеңгірбаев болып қате жазылып келген» [10,13].

М.Сеңгірбекұлының 130 жылдығы тұсында Форт-Шевченко қалалық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, әрі жыраудың мүшелтойын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Тілеумұрат Қожабеков облыстық газет бетінде: «Бізге жыраудың фамилиясында кеткен қателікті түзету қажет. Алматыға жүрер кезде (1942 жылғы маусым) оған жаңа паспорт берілген. Құжат толтырушы адамның қателігінен оның фамилиясы Сеңгірбаев болып кеткен», – деген мәселе көтеріпті [15]. Осылайша, жырауға қатысты кеткен қателік жөнделді.

Архив деректеріне сүйенсек, Мұрынның тегі құжаттарға әр уақытта әртүрлі болып түскен. Мысалы, Маңғышлақ уезі Бокқара ауылының қазағы Есмембет Ермембетовтің 1908 жылы 12 мамырда уезд бастығына жазған арызында «жер телімімнің оңтүстік жағы Мұрын Сеңгірбековтың телімімен шектеседі» деген дерек кездеседі [16, 85].

Осы жылғы сәуірдегі Александр фортындағы әжетхана кәріздері мен қоқыс шұңқырларын тазалау үшін алым төлейтін үй-жай иелері тізімінің 81-інші қатарында Мұрын Сеңгірбеков болып тіркелген [16,103].

Ал Маңғышлақ уезіндегі болыстар қазақтарының аты-жөні, отбасы құрамы және малының саны туралы тізімде ағасы Төлеген екеуінің де фамилиясы – Сеңгіров. Отбасы құрамында 2 әйел, 2 ер адам, малдан: 2 түйе, 10 қойы бар [17,145]. Өкінішке орай, тізімнің түзілген жылы көрсетілмеген.

Жырау 1918 жылғы Александр форты тұрғындарының тізімінде Мұрын Сеңгірбаев деп көрсетілген. Отбасы құрамы 5 адам делінген [18,6].

1920 жылы 25 қазанда Александр фортындағы қазақ қоғамының өкілдері мен мұғалімдердің уездік ревкомға жолдаған өтінішіне бірінші болып Мұрын Сеңгірбеков деп қол қойыпты. Өтініш иелері қалада мұсылман мектебін ашуға берілген үйге қатысты бастапқы шешімді өзгеріссіз қалдыруды сұраған [19,47].

Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінің қорында Александр форты тұрғындарының Адай уездік төңкеріс комитетіне жолдаған арызы сақтаулы. 1924 жылғы 25 қазанда тіркелген арызда қала тұрғындары ревкомның жер учаскелерін пайдаланғандары үшін ренталық салық салу туралы шешіміне қатысты шағымданған.

Құжатқа 29-ыншы болып Мұрын жырау «*Секрбекв Мурн*» деп қол қойған [20,123]. Бұл жыраудың өз жазуы деген пікірді ұстанамыз. Өйткені, құжатқа қол қойған бірсыпыра адамдардың тұсына «сауаты жоқ», «сауаты болмағандықтан, орнына өз ықтиярымен баласы қол қойды» деген жазулар бар. Мұрын жыраудың тұсында ондай жазбалар жазылмаған.

Маңғышлақ уезі Александр форты маңында тұрақты тұратын азаматтардың атаулы тізімі мен 1928 жылғы Александр форты қаласындағы үй-жайлар мен онда тұратын азаматтар тізімінде – Сеңгірбаев. Соңғы құжатта тұрғылықты үйінің қожасы ретінде көрсетіліп, кәсібінің – ұста, отбасының қырда тұратыны туралы қосымша мәлімет беріліпті [14,55].

1954 жылғы қайтыс болғаны туралы актіде де, тегі – Сеңгірбаев.

Мұрынның фамилиясына қатысты алшақтықтың себебін жыраудың туысы Орынбай Бәлдековтың «Сеңгірбайдың шын аты – Сеңгірбек, бірақ барлық әдебиеттерде Мұрын Сеңгірбайұлы болып жүр» дегенімен түсіндіруге болатын сияқты [8].

«М.Сеңгірбаев жырды әдемі, әуезді әнмен көмкеріп, сөзге сұлу сыр берген. Оның тұрақты екі ән-мелодиясы болған», – дейді С.Садырбаев [7,99]. Маңғыстау жыршы, жырауларының шығармашылығымен жақсы таныс Қ.Сыдиықов бұл тұжырымды қолдай отырып: «Қырық батыр» сияқты көлемді қазынаны жырлаған Мұрынның екі-үш ғана емес, сан алуан саз, әуені болған, жыршыда әрқилы саз, әуен мол болмаса, тыңдаушыны жалықтырып алады», – деген орынды пікір білдіреді [21,166].

С.Садырбаевтың «тұрақты екі ән-мелодиясы» деп отырғаны Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының ғылыми-зерттеу фольклорлық экспедициясының 1961 жылы жыраудың күйеу баласы Алдоңғаров Дүйсенбайдан жазып алған мақамдар болуы мүмкін. «Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батырын» жырлаған мотиві» деп орындалған [22].

Екі мақам да 2024 жылы жыршы Ақылбек Тасқараұлының орындауында өңделіп, түрленіп, сахна төріне қайта шықты.

Жыраудың баласы Дәуітбайдың: «Алматыдан арнайы іздеп келген маман Ғабдолова Мәлике бір кезде мақамын қағазға түсіріп алып еді, бірақ соны жоғалтса керек, өйткені оны сұраушылар көп», – деген естелігі бар [11]. Мұндай әңгімені аталас інісі Орынбай Бәлдеков те айтады: «Тағы бір ескеретін нәрсе 1942 жылы Алматыдан келіп Мәлике деген әйел Мұрын-екеңнің домбырасын тарттырып, жыр айттырып лентаға жазып алып кетіпті» [9].

Бұл әңгіме рас болса, фольклортанушы-ғалым Мәлике Ғұмарова болар деп пайымдадық. Ол кісінің Маңғыстауға келгені туралы жазба деректі кездестірмедік. Бірақ жыраудың 1947 жылғы Алматыға екінші сапары кезінде жазып алуы әбден мүмкін деп ойлаймыз. Жыршы Елдос Емілдің Қ.Сыдиықов айтты дейтін: «1947 жылы Мұрын жырауды жырлатып жазып алыпты. Ол дыбысжазба ғалым, филология ғылымының докторы М.Жармұхаммедовте сақтаулы», – деген әңгімесінің ұшығы осында жатқан болар.

Жырауды зерттеген С.Садырбаев: «Мұрын Сеңгірбаевтың бойында екі өнер бар: бірі – сөз өнері, екіншісі – зергерлік», – дейді. Көпшілікке жыраудың аты-жөні жазылған, күмістен соққан жүзік-мөрі белгілі. Оны өзінен жазып алынған жырлардың соңына куәлік ретінде басып отырған. 2022 жылы жырау соққан тағы бір зергерлік бұйым – қоңыраулы жүзік бар екені анықталды.

Жүзік 1930 жылдары күмістен, 8 күлтелі гүл қауызы формасында соғылған. Ішіне дәнек салынып дәнекерленген, сылдырмақ ойыншыққа ұқсайды. Қосымша дыбыс беруі үшін домбыра шалғанда саусаққа тағады. 1973 жылы Маңғышлақ стансасындағы мектеп мұғалімі, белгілі өлкетанушы М.Нығыметуллаев мектеп музейі үшін жыраудың ұрпақтарынан алған. Кейін қайтып беріп, 1991 жылы Мұрын жырау музейі ашылғанда, жыраудың немересі музейге тапсырған. Беріде музей жабылып, қызметкерлер ауысып кеткенде, қор қоймасында белгісіз қалған. 2022 жылы ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері С.Нұржанның жырау музейіне келіп, қоңыраулы жүзікті сұрауы нәтижесінде табылып, экспозициядан орын алды [23].

М.Сеңгірбекұлы тек зергер болмаған, ағаштан да түрлі бұйымдар жасаған. Оған жыраудың өз қолымен жасаған домбырасы куә. Музыкалық аспап қазір Алматыдағы Ықылас атындағы халық аспаптар музейінде. 1980 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің 04.12.1980 жылғы №462 бұйрығымен Шевченко музейінен алдырылған. XIX ғасырдың 2-жартысында өзі жасап, өмірінің соңына дейін пайдаланған. Құжатында «Мұрын Сеңгірбаев» депті [24]. 2021 жылы көшірмесі жасалып, жырау музейіне қойылды.

Жыраудың қолынан шыққаны туралы дерегі болмаса да, 2022 жылы музей қорынан тұтынған тағы бір домбырасы шықты [25]. Аспап Қ.Сыдиықовтың жары Г.Омарқызы жолдаған фотосурет арқылы анықталып, құжаттарымен салыстыру арқылы нақтыланды. Шағын, қозықұйрық формасындағы домбыраның шанағы сүйек, жезбен өрнектелген. Қоңыраулы жүзікпен тағдырлас.

2023 жылы жыраудың фотосуреті табылды. Мемлекеттік орталық музей шығарған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі»

энциклопедиясына «солақай домбыра тарту» деген атаумен ұсынылыпты [26,80]. Яғни, домбыраны солақай ұстап отыр. Осы мақаланың авторы фотосуреттегі адамның Мұрын жырау екенін бұрынғы линогравюралық суретімен салыстыру арқылы болжады. Сондай-ақ айналық бағытта теріс айналып кеткенін анықтап, түзеді. Мемлекеттік орталық музейден фотоның түпнұсқасын алдырып, жырау ұрпақтарына жіберіп, өз пайымын нақтылады [27]. Жақында Н.Сауранбаевтың «Халық өнерінің қазынасы – Мұрын жырау» мақаласына қоса берілген фотосуретпен салыстырып, пайымының дұрыстығына бұлтартпас дәлел тапты.

Қорытынды. Зерттеу барысында түйгеніміз:

1. Мұрын жыраудың әкесінің шын аты – Сеңгірбек, ел аузындағы аты Сеңгірбай болған;
2. Жырау 1954 жылдың 19 шілдесінде өмірден озған;
3. Жыраудың фамилиясы Ресей империясы кезінде де, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да жоғарыдағы себеппен әртүрлі жазылып, кейінгі құжаттарға түскен;
4. 1942 жылы төлқұжат беруші әдеттегідей мекемеде сақталған бұрынғы құжат дерегінің негізінде жаңасын шығарып берген;
5. Мұрын жырау орыс тілінде хат танитындай сауатты болған;
6. Жырау зергерлік бұйымдармен қатар, домбыра да жасаған;
7. 1942 жыл жыраудың баласы Д.Мұрынов (құжатта Сеңгірбаев) бірнеше жырды қағазға түсіріп, Ғылым академиясына жіберген.

Фотосуреті табылып, жыраудың тегі мен дүниеден өткен жылы нақтыланғанымен, туған жылы туралы ізденіс жалғасын табуы тиіс деп ойлаймыз. Әсіресе, даусы жазылған дыбысжазбаларды табу – әлемдік деңгейдегі сенсация болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сауранбаев Н. Халық өнерінің қазынасы – Мұрын жырау // Социалистік Қазақстан. – 19 июль 1942 ж.
2. Сауранбаев Н. Мурын – хранитель великого творения казахского народа // Казахстанская правда. – 4 августа 1942 г.
3. Исмаилов Е. Ақындар. Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы монография. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 346 б.
4. Жирмунский В. Народный героический эпос. Сравнительно-исторические очерки. – Москва, Ленинград: Государственное издательство художественной литературы, 1962. – 435 с.
5. Батырлар жыры. 2-том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1961. – 404 б.
6. Батырлар жыры. 3-том. Алматы: Жазушы, 1964. – 542 б.
7. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Эпосты зерттеудің кейбір мәселелері. Алматы: Жазушы, 1976. – 149 б.
8. Бәлдеков О. Қазақ жырының асыл сандығы // Маңғыстау. – 6 шілде 1990.
9. Бәлдеков О. Халқына қалтқысыз қызмет етті // Маңғыстау. – 29 мамыр 1991.
10. Сыдықов Қ. Телегей теңіздей // Мұрын жырау. – Ақтау: Printing House Ақтау, 2024. 6-29 б.
11. Әлемде теңдесі жоқ үздік жырау // Маңғыстау. – 29 мамыр 1991.
12. Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазба қоры, 667-бума, 3-дәптер.
13. Түпқараған ауданының Халыққа қызмет көрсету бөлімі, 1954 жылғы №186 Өлім туралы жазылатын акты.
14. Маңғыстау облысының мемлекеттік архиві, 72-қор, 1-тізбе, 1-іс.
15. Қожабеков Т. Жырау мерекесі // Маңғыстау. – 18 мамыр 1991.
16. ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 40-қор, 1-тізбе, 781-іс.
17. ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 40-қор, 1-тізбе, 1117-іс.
18. Маңғыстау облысының мемлекеттік архиві, 212-қор, 1-тізбе, 2-іс.

19. Маңғыстау облысының мемлекеттік архиві, 214-қор, 1-тізбе, 22-іс.
20. Маңғыстау облысының мемлекеттік архиві, 214-қор, 1-тізбе, 67-а іс.
21. Сыдықыұлы Қ. Халқымен қайта табысқандар. Зерттеулер мен толғаныстар. Алматы: Ана тілі, 1997. – 176 б.
22. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясының қоры, 46-кассета.
23. Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі Түпқараған аудандық филиалының қоры, МК КП-1-920.
24. Ықылас атындағы халық аспаптар музейінің қоры, КП-27.
25. Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі Түпқараған аудандық филиалының қоры, МК КП-1-22.
26. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия. 2-том. – Алматы: 2017. – 736 б.
27. ҚР Мемлекеттік орталық музейінің қоры, НКП-400.

REFERENCES

1. Sauranbayev N. Halyk onerinin kazynasy – Muryn zhyrau // Sotsialistik Kazakhstan. – 19 yiul 1942.
2. Sauranbayev N. Muryn – hranitel velikogo tvorenija kazachskogo naroda // Kazakhstanskaja pravda. – 4 avgusta 1942.
3. Ismailov E. Akyndar. Zhambyl zhane halyk akyndarynyn tvorchestvosy turaly monografia. – Almaty. Kazaktyn memlekettyk korkem adebiet baspasy, 1956. – 346 b.
4. Zhirmunski V. Narodnyi geroicheski epos. Sravnitelno-istoricheskie ocherki. – Moskva;, Leningrad. Gosudaestvennoe izdatelstvo hudozhestvennoi literatury, 1962. – 435 b.
5. Batyrlar zhyry. 2-том. – Almaty. Kazaktyn memlekettyk korkem adebiet baspasy, 1961. – 404 b.
6. Batyrlar zhyry. 3-том. Almaty. Zhazushy, 1964. – 542 b.
7. Sadyrbayev S. Folklor zhane estetika. Eposty zertteudyn keibyr maselelery. Almaty. Zhazushy, 1976. – 149 b.
8. Baldekov O. Kazakh zhyrynyn asyl sandygy // Mangystau. – 6 shilde, 1990.
9. Baldekov O. Halkyna kaltkysyz kyzmet etti // Mangystau. – 29 mamyr 1991.
10. Sydykov K. Telegei tenizdei // Muryn zhyrau. – Aktau. Printing House Aktau, 2024. – 6-29 bb.
11. Alemde tendesi zhok uzdik zhyrau // Mangystau. – 29 mamyr 1991.
12. «Gylym ordasy» RMK Ortalyk gylymi kitaphanasynyn Sirek kitaptar men kolzhazba kory, 667-buma, 3-dapter.
13. Tupkaragan audanynyn Halykhkha kyzmet korsetu bolimi, 1954 zhylygy №186 Olim turaly zhazylatyn akty.
14. Mangystau oblysynyn memlekettyk arhivi, 72-kor, 1-tizbe, 1-is.
15. Kozhabekov T. Zhyrau merekesi // Mangystau. – 18 mamyr 1991.
16. 16. KR Ortalyk memlekettyk arhivi, 40-kor, 1-tizbe, 781-is.
17. KR Ortalyk memlekettyk arhivi, 40-kor, 1-tizbe, 1117-is.
18. Mangystau oblysynyn memlekettyk arhivi, 212-kor, 1-tizbe, 2-is..
19. Mangystau oblysynyn memlekettyk arhivi, 214-kor, 1-tizbe, 22-is.
20. Mangystau oblysynyn memlekettyk arhivi, 214-kor, 1-tizbe, 67-a is.
21. Sydykuly K. Halkymen kaita tabyskandar. Zertteuler men tolganystar. Almaty. Ana tili, 1997. – 176 b.
22. Kurmangazy atyndagy Kazakh ulttyk konservatoriasynyn folklorlyk gylymi-zertteu laboratoriasynyn kory, 46-kasseta.
23. A. Kekiibaiuly atyndagy Mangystau oblystyq tarihi-olketanu muzeei Tupkaragan audandyk filialynyn kory, MK KP-1-920.

24. Ykylas atyndagy halyk aspaptar muzeiinin kory, KP-27.

25. A. Kekilbaiuly atyndagy Mangystau oblystykh tarihi-olketanu muzeii Tupkaragan audandyk filialynyn kory, MK KP-1-22.

26. Kazakhtyn etnografialyk kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturly zhuiesi: Enciklopediya. 2-tom. Almaty, 2017. – 736 b.

27. KR Memlekettyk ortalyk muzeiinin kory, NKP-400.

НЕИЗВЕСТНЫЕ СТРАНИЦЫ ИЗ ЖИЗНИ МУРЫНА-ЖЫРАУ

Султанбек К.

Университет Есенова, г. Актау, Казахстан

e-mail: Sultanbek.kzh@gmail.com

Аннотация. В статье вводятся в научный оборот и подвергаются сравнительному анализу до сих пор не полностью выясненные биографические данные о знаменитом жырау Мангистауского региона Мурыне Сенгирбекулы (в литературе часто встречающемся как «Сенгирбаев»). На основе архивных документов, обнаруженных в последние годы, автор доказывает необходимость пересмотра прежних выводов относительно годов рождения и смерти жырау, имени его отца и причин искажения фамилии в официальных документах.

В исследовании сопоставляются такие источники, как надпись на надгробии, предложенная К. Сыдыиковым, воспоминания потомков жырау, списки жителей Александровского форта 1918 и 1928 годов, выявляются хронологические расхождения между данными. Расчет, основанный на возрасте в списке 1928 года, позволяет предложить иную дату рождения жырау и указывает на необходимость уточнения биографических сведений.

Важным аспектом статьи является анализ подписи «Секрбек Мурн», поставленной 29-й в документе-заявлении 1924 года. Данная подпись рассматривается как свидетельство, косвенно доказывающее, с одной стороны, что имя отца было Сенгирбек, а с другой – что Мурын жырау владел русской грамотой. Вместе с тем, встречаемость имени жырау в форме «Сенгирбаев» в более ранних документах показывает, что ошибка в фамилии не ограничивается лишь оформлением паспорта в 1942 году.

Автор также систематизирует ценные находки: обнаружение фотографии жырау (2023), а также запись двух макамов, связанных с исполнением эпоса «Сорок батыров Крыма», сделанную в ходе фольклорной экспедиции 1961 года от зятя Д. Алдонгарова, и их возрождение в современной исполнительской практике.

В заключение статья обосновывает актуальность переосмысления личности Мурына жырау с источниковедческой точки зрения и предлагает направления будущих комплексных исследований.

Ключевые слова: Мурын жырау, архивные документы, фотография, звукозапись, макам.

UNKNOWN ASPECTS OF THE LIFE OF MURYN ZHYRAU

Sultanbek Kudaibergen

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: Sultanbek.kzh@gmail.com

Abstract. The article introduces into scholarly circulation and subjects to comparative analysis previously incompletely clarified biographical data concerning Muryn Zhyrau Sengirbekuly (often appearing in literature as "Sengirbaev"), the renowned zhyrau of the Mangystau region. Based on archival documents discovered in recent years, the author demonstrates the necessity of revising previous conclusions regarding the zhyrau's birth and death dates, his father's name, and the reasons

for the distortion of his surname in official documents. The study compares such sources as the tombstone inscription proposed by K.Sydykov, memoirs of the zhyrau's descendants, as well as the 1918 and 1928 resident lists of Alexandrovsky Fort, revealing chronological discrepancies among the data. Calculations based on the age indicated in the 1928 list allow for proposing an alternative birth date for the zhyrau and indicate the need for clarification of biographical information.

A significant aspect of the article is the analysis of the signature "Sekrbekv Murn," placed 29th in a petition document from 1924. This signature is examined as evidence indirectly proving, on the one hand, that his father's name was Sengirбек, and on the other, that Muryn Zhyrau possessed Russian literacy. Moreover, the occurrence of the zhyrau's name in the form "Sengirbaev" in earlier documents demonstrates that the surname error is not limited solely to the 1942 passport registration.

The author also systematizes valuable discoveries: the finding of the zhyrau's photograph (2023), as well as the recording of two makams related to the performance of the epic "Forty Batyrs of Crimea," made during a 1961 folklore expedition from his son-in-law D. Aldongarov, and their revival in contemporary performance practice. In conclusion, the article substantiates the relevance of reconceptualizing Muryn Zhyrau's persona from a source-critical perspective and proposes directions for future comprehensive research.

Keywords: Muryn Zhyrau, archival documents, photograph, sound recording, makam.